

Халел Агнурдың «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша дайындаған PhD докторлық диссертациясына бейресми пікір беруші Тараз қаласының, Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогикағылымдарының кандидаты

Айгүл Сауқымбекқызы Курманбекованың

БЕЙРЕСМИ ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Еліміздегі халықаралық мамандардың кәсіби белсенділігін шеттілдік білім беру барысында дипломаттық кәсіби оқыту негізіндегі үлгісі мен маңызды сатылары жүйелеуді ғылыми-теориялық, әдіснамалық түрғыда арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған зерттеу жұмыстарының тапшылығы зерттеу жұмысының тақырыбын «Болашақ дипломаттардың мәдениетаралық катысымдық дискурсын шеттілдік білім беру барысында қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» деп таңдалған.

А. Халел зерттеу жұмысы барысында өзіндік тұжырымдамалары, қорытындыларын жүйелі түрде сипаттай отырып, негізгі әдебиеттер мен еңбектерге сүйене отырып шынайы түрде қорытқан. Зерттеуде шеттілдік, ресейлік және отандық зерттеу еңбектері кеңінен қарастырылған. Мәдениетаралық қатынас саласында бай ғылыми-педагогикалық арсенал бойынша (С.Г. Тер-Минасова, И.И. Халеева, С.С. Құнанбаева, және басқалар) зерттеушілердің мәдениетаралық коммуникациялық құзіреттілігін қалыптастыру бағытындағы түрлі мәдениет өкілдері арасындағы тиімді қарым-қатынас жасау әдістемелерін болашақ дипломаттардың кәсіби даярлауда ұтымды пайдалана алған.

Диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесі, тұжырымдамасы мен қорытындылары шынайы түрде қорытылып ұсынылған:

- дипломаттардың шеттілдік дискурсында мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттіліктің ғылыми негіздемесі ұсынылған;
- шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру критерийлері анықталған;
- дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсының ұғымы енгізілген.

Болашақ дипломаттарды шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденген.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы талапқа сай. Зерттеу кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім соңында тұжырымдардан, әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Диссертациялық жұмыстың ішкі бірізділігі мен жүйелілігі сақталған. Әр бөлім өзара байланысты және әр бөлімнің соңында ғылыми тұжырымдарында зерттеудің мазмұны нақтыланған. Зерттеудің теориялық негіздері және қолданбалы маңызы зерттеу еңбектеріне сүйене отырып нақтыланған.

Диссертациялық ғылыми жаңалығының деңгейі теориялық және қолданбалы маңызына сәйкес, ғылыми-әдістемелік түрфыдан жоғары бағалауға болады.

А. Халелдің диссертациясының қорытындылары төмендегі баспа түрінде автордың 14 ғылыми мақалаларында диссертацияның негізгі нәтижелері мен мазмұны бойынша Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» бөлімнің талаптарына сәйкестігі.

Зерттеуші Агнур Халелдің «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы мен авторефераты мазмұны және ресімделуі түрғысынан КР БФМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай жазылған және ресімделген жұмыс ретінде қорғауға ұсынылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми нәтижелері нақтыланған және шеттілдік білім беру барысында болашақ дипломат мамандарының шеттілдік мәдениетаралық дискурсын қалыптастырудың теориялық және әдістемелік жағынан үлес қосатын зерттеу жұмысы ретінде жоғары бағаға лайық.

Қорыта келгенде, Агнур Халелдің 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Бейресми пікір беруші –

Халықаралық Тараз инновациялық
институтының педагогика ғылымдарының
кандидаты

mail: kuli_66@mail.ru
tel: 87075477600



Бақтыбаева К.С.

